

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ИМАНДЫЛЫҚ ТАҚЫРЫБЫ

ОҚМПУ, Кажиақбарова Р.Б. ф.ғ.к., доцент
Шымкент университеті, Жантасова З.Т. ф.ғ.к., доцент
ОҚМПУ, Ергешова А. магистрант

Рухани мәдениетіміздің бір арнасы – имандылық аясындағы көркем дүниелер кейінгі ұрпақтың бойында иман қалыптастыратыны анық. Жалпы алғанда, ұлттық әдебиет – ұлттың ұстыны, дүниетанымы. Ғасырлар бойына ұлттық әдебиет қазақтың ұлттық бейнесін қалыптастырып келеді, әдебиеттің миссиясы қазіргі таңда да жоғары деп айтуымызға болады. Қазақ халқының Шығыстың көне заманнан тамырланып дамыған рухани мұрасынан өнеге алып келгені тарихи шындық. XIX ғасырдағы орыстың отарлаушы патша өкіметі үшін қазақ халқының Шығыстағы араб, парсы, түрік халықтарымен ғылыми, діни және мәдени тұрғыдағы терең байланысынан ажырату басты ұстаным болғаны тарихтан белгілі.

Қазақ руханиятына талай игі жақсысы мен жайсаңын берген Қостанай топырағынан шыққан Ыбырай Алтынсаринді (шын аты – Ибраһим, 1841-1889) қазақ мәдениеті тарихында ерекше орын алатын, қазақтың жайын, ұлттың қамын ойлаған ұлы тұлға, аса көрнекті алғашқы ағартушы-педагог, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері, ғалым-этнограф, ақын және прозашы ретінде танимыз. Ағартушыға арнап «Дала қоңырауы» атты поэма жазған ақын Ғафу Қайырбеков айтқандай, Ыбырай Алтынсарин ағартушы ұстаздығымен қатар қазақ даласында алғашқы шығармаларын қағаз бетіне түсіріп жаңа үлгідегі жазба әдебиетті дамытқан ақын, керемет аудармашы және публицист. Қазақ халқының педагог-ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің ұлттық танымдағы шығармалары күні бүгінге дейін қазақ баласын тәрбиелеп келеді, өмірлік қажеттілігі айқын. Оның «Қазақ хрестоматиясы» өз заманында жаңа үлгідегі мектептерге алғашқы оқулық болып мектеп табалдырығын аттаған балаға рухани азық болды. Отарлық езгідегі қазақ қоғамының қиын кезеңінде ағартушы Ыбырай жас балалардың ой-санасын оятып, мектептік тәрбие

бағытын қалыптастырды. Алтынсарин осындай қоғамдық маңызы бар қызметтерімен бірге терең дінтанушы да болды. Ыбырай Алтынсариннің әдеби мұрасына назар аударғанда, байқағанымыз ол ислам дінінің негіздерін терең түсінген, қалың қазаққа ислам дінінің адам тәрбиесіне берерін зерттеп-біліп насихаттаған діндар. Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығындағы имандылық тақырыбы оның поэзиялық және прозалық шығармаларынан, «Мұсылманшылықтың тұтқасы» еңбегінен кеңірек көрініс табады. Кезінде М.Әуезов Ы.Алтынсариннің қалың елге жасаған жақсылығын айтып: «Кейде дін өсиетін үлгі қылып ұстайды. Зар заман ақындарының ішінде дін сарынын шығарып, дін мейманалығын ұстанатын ақын – Алтынсарин» деген екен. М.Әуезов Ы.Алтынсарин өлеңдерінің діндегі адамгершілікті үлгі етуімен құнды екенін «Өсиет өлеңдерінің» екі шумағын мысалға келтіріп: «Дін сарынымен келетін өсиеті – тәкаппар болмау, сабырлы болу, әділдікпен иесінен ұялу, иман байлығын жиюға тырысу, осы үлгінің барлығын дін жақсыларының өміріндегі мысалдармен айтады» – деп айтқан екен. Ы.Алтынсариннің эпистолярлық дүниелеріндегі пікірлерінің өзінде де діни танымдағы ой сарындары байқалады.

Саналы ғұмырын оқу-ағарту ісіне арнаған ұлағатты ұстаз, қаламгер Ы.Алтынсариннің «Мұсылманшылық тұтқасы» атты еңбегі өз заманы үшін қажеттіліктен жазылды. Діни танымы терең ағартушы бұл салада да білімдарлығын танытты. Өз ұлтының келешегін ойлаған Ы.Алтынсарин қазақ жастарын тілі мен діні, салты мен дәстүрінен ажыратпауды мақсат тұтқан, миссионерлік саясат ықпалына берілмеуді көздеген. Ыбырай Алтынсариннің осы мақсатта жазылған «Мұсылманшылықтың тұтқасы» (Шариат-ул-ислам) атты еңбегі кеңестік кезеңде тыйым салынып, қапаста болғаны белгілі, 1991 жылы ғана бұл еңбек профессор Ақселеу Сейдімбековтің еңбегімен баспаға қайта дайындалған болатын. Ұлттың ұстазы атанған Ыбырай Алтынсариннің діни оқулық ретінде күні бүгінге дейін маңыздылығын жоймаған «Мұсылманшылық тұтқасы» еңбегі мен «Кел, балалар оқылық!» атты өлеңінің «Бір Аллаға сыйынып» деп басталатын шумағының бар екенінен кеңестік

дәуірдегі кейінгі ұрпақтың хабары да болған жоқ. Тыйым салынған бұл дүниелерде діни дүниетаным, кемел парасат, ізгілік бар болатын, бұл құндылықтар ұрпақты ұлттық мүддені көздейтін зиялылыққа да баулитын еді. Кеңестік дәуірден бұрын XIX ғасырда қазақ даласында білім қоңырауын сыңғырлатып бұл даналыққа толы сөздерді қазақ балаларына тұңғыш педагог-ұстаз Ыбырай Алтынсарин айтқаны белгілі. «Бір Аллаға сыйынып, Кел, балалар, оқылық!» дей отырып, қазақ өрендерін оқуға, білімге шақырғаны – тарихи шындық. Бұл даналық сөздерді Ыбырай Алтынсариннің қасиетті Құраннан алғаны ақиқат. Ыбырай Алтынсарин танымындағы Ислам дінінің бұлағын біліп қана қоймай терең талдап, зерттеу қажет. «Оқу» дегеніміз, оқымаған, қараңғы адамға, қиын да ауыр, зіл батпан жүк көтерумен тең. Білімді тоқу үшін оны Мұхаммед пайғамбар айтқандай, жүрекке жазып алып, ұмытылмастай етіп жүрекке байлам жасап алу керек екен. Сонда ғана оқудың қиын болғанымен, оның бұл тірлікте қаншалықты пайдалы екенін бағамдайсың. Мұсылмандық дәуірдегі әдебиетке де назар аударсақ, Әл-Фараби, М.Қашқари тағы басқалар еңбектерін зор ықыласпен бір Аллаға сыйынып бастағаны белгілі. Ықылас – жүректің кіршіксіздігі мен ниеттің тазалығын білдіреді.

Ыбырайдың көзқарастарына өзі өмір сүрген замандағы саяси ахуал, тарихи жағдайлар ықпал еткенімен, ол шын мәнісінде мұсылман дінінің насихатшысы болды. Бұл туралы оның замандасы В.Радлов қазақ ағартушысы туралы «Алтынсаринде басқа дінді – христиан дінін қабылдау туралы ой болмаған» деп жазады.

Қорыта айтқанда, Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығындағы имандылықтың көрінісі жан-жақты ағартушының ұстанымы болуымен бірге, оның қоғамдағы қызметімен үйлесімде болғанын бағамдауға болады.

Әдебиеттер:

1. Ыбырай Алтынсарин тағылымы. Құрастырған М.Жармұхамедов. А, 1991.
2. Отызбаев Қайырбек. Ыбырай Алтынсариннің діни-танымы.
https://alashainasy.kz/din_islam/yibyiray-altyinsarinnn-dni-tanyimyi-